

*АҚСУ-ЖАБАҒЫЛЫ – ЕМДІК ҚАСИЕТІ БАР
ТАУ АУАСЫ, ЖАРЫҚ КҮН, ҚАРАСАҢ КӨЗ
ТОЙМАЙТЫН КӨРІНІСТЕР МЕН ТАЗА СУ,
ЕРЕКШЕ ӨСІМДІКТЕР МЕН ЖАНУАРЛАР
ӘЛЕМІ.*

Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығы — Орталық Азия мен Қазақстанның бірінші ашылған қорықтарының қатарында. Қорықты құру бастамасы танымал гидробиолог А.Л. Бродскийге тиесілі. Бұл ғалым 1920 жылыалғашқы рет Жабығылы мен Ақсу өзендерінің жоғарғы арналарына аяқ басқан.




Ақсу-Жабығылы мемлекеттік қорығы Батыс Тянь-Шаньдағы Талас Алатауы жотасының батыс жақ бөлігінде орналасқан. Қорық теңіз деңгейінен 1300 метрден 4200 метрге дейінгі биіктіктегі таулы аймақты алып жатыр. Оның солтүстік және батыс шекаралары Жабағылытау, Талас Алатауы мен Өгем жоталарының бойымен 1300-1600 метрге жуық, оңтүстікте және оңтүстік-шығыста қорық Талас және Өгем жоталарының таулары арқылы Қырғызстан мен Өзбекістанмен шектеседі. Қорықтың орталық бөлігі Шымкент қаласынан 70 км жерде және Түлкібас теміржол бекетінен 18 км жерде орналасқан.



ҚЫЗЫЛ КІТАПҚА ЕҢГІЗІЛГЕН ӨСІМДІКТЕР

Ақсу-Жабағылы қорығының өсімдіктер әлемі соңғы жаңа мәліметтер бойынша 1737 түрді қамтиды, оның ішінде 235 түрлі саңырауқұлақ, 64 түрлі қына, 63 түрлі балдыр мен мүк тәрізділер және 1312 түрлі биік өсімдіктерді қамтиды.





*ҚЫЗЫЛ КІТАПҚА ЕНГЕН
ЖАНУАРЛАР*



- Қорықтағы сүт қоректі жануарлардың 52 түрі бар. Ол бүкіл Батыс Тянь-Шань териофаунасының 80 пайызын құрайды, оның ішінде – кеміргіштер (44%), жыртқыштар (24 %), қолқанаттылар (18 %), тұяқтылар (9 %), қоян тектілер мен жәндікқоректілер (3 %) құрайды. Тұяқтылар тобын арқар, тау ешкісі, елік, марал мен қабан, жыртқыштар мен сүт қоректілерден – аю, борсық, тас маралы мен қабан, тас сусары, аққалақ пен ақкіс, ал кеміргіштер мен қоян тектілерден – ұзын құйрықты суыр, жайын, құм қояны (толай) мен ондатр бар.



- Қорықта 11 түрлі жорғалаушылар мен 3 түрлі амфибия бар. Ол осы топтағы өңірлік фаунаның 70%-дан астамын құрайды. Оның 3 түрі Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген. Кесірткенің мына бір түрі – сары бауыр кесірткеден аса абай болған дұрыс. Қазақстанның кітабына 10 түрлі сирек кездесетін және жоғалып бара жатқан сүтқоректі жануарлар кіргізілген. Қар барысы, Мензбир суыры және қазіргі кезде жоғалып бара жатқан арқардың эндемиялық түрі сияқты 3 түрлі сүтқоректі жануарлар аса қауіптенуге тұрарлық жануарлар түріне кіреді.

